

УДК 373.2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ БЕСТЕМШЕНІ ҮЙРЕТУ

Досжан Інжу

Janibekmaden01@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дене шынықтыру және спорт мамандығының 2 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - К.Куланова

Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат ұлттық рухы жоғары, өз Отанын, туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру – ел болашағының негізі екенін ұмытпауымыз керек. Бүгінгі бүлдіршіндерді өз елін сүйуге, салт-дәстүр мен әдет-ғұрпын білуге тәрбиелеу басты міндеттеріміздің бірі. Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу - қоғам алдында әрбір болашақ маманның басты міндеті болып саналады.

Мектепке дейінгі кезеңде балаға тәрбие мен білім берудегі өзектілігі - оны жан-жақты дамыту. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Балабақша баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет.

Жасұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір маманның міндеті.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан басталмақ. Мақсаты – балабақша балаларын қазақтың ұмытылған Бестемше ойынына үйрету. Бестемше логикалық ойын. Бұл ойынның басты қасиеті – баланың ақыл ойын дамытуға күш салады. Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі дәлел бола алады. Балалардың дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан. Ойнату арқылы баланың арифметикалық қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.

Балабақшада бүлдіршіндерді тәрбиелеу үшін қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен пайдалану керек. Әсіресе ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындардың

балдырғандарға үйретіп, бойына сіңірудің мән-маңызы ерекше. Өйткені баланың ойы, сезімі, қиялы ойын арқылы өседі. Демек, тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне ойындардың қосар үлесі үлкен.

Ойнамайтын бала жоқ. Ойынға қызықпайтын адам жоқ. Көңіл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жоқ. Үлкен де, кіші де ойнап көңіл көтереді, бір нәрсеге беріле қызығады, әр жетістіктен қанағат табады. Ал қызығу, қуану, қанағаттану – өмірді тамашалаудың көрінісі немесе өмірде сауық құрудың нышаны. Ойын-сауыққа үлкен-кішінің бәрі де әуес. Ойын арқылы бала түрлі логикалық жаттығуларды орындауға төселеді. Бұл жөнінде белгілі психолог – ғалым А.А. Люблинская «**Зейін баланың белсенді әрекетінде туындап қана қоймай, олардың жақсы ұйымдастырылған іс – әрекетінде. Бәрінен бұрын олардың ой еңбегінде де қолдау табатынын айтады**» [1].

Бестемшені ұйымдастырғанда ойын іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды ойындағы тастарды санауға, оларды ауызға, мұрынға салмау керектігін үйрету керек. Сөйтіп бала жас ерекшеліктеріне қарай ойынды меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, ойындағы тастарды шашып қайта жинау арқылы есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Бестемше үстел үсті ойындар қатарына жатады. Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды.

Балалардың ұсақ қол моторикасын Бестемше ойыны арқылы дамытудың орны бөлек. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тасты санау, ұстау, шашу, жинау т.б.. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Тасты ұстай алмайтын, оны жинап шаша алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған тастарды жинау, ұядағы тастарды санау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін – өзі бағалауға кері әсерін тигізеді.

Әрине, мектепке дейінге жасында баланың дамуы, өзіне –өзі қызмет көрсету және ойындағы санауға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. Ұсақ қол моторикамен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай –ақ, санау қабілеті дами түседі.

Осыларды ескере отырып, өз жұмысымның мақсатын анықтадым: мектеп жасына дейінгі балаларды «Бестемше» ойыны арқылы ұсақ қол моториканы дамыту және қол қызметін үйлестіру.

Өз жұмысыма төмендегідей міндеттер қойдым:

– қол және көз, қолдың ептілігі, ритмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту;

– саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту;

– жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру;

– тастарды санау, шашып, жинауға көмектесу;

– қиялын, логикалық ойлауын, еркін назарын, көру және есту қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту;

–өз құрбылары және үлкендермен қарым – қатынаста эмоционалды – қолайлы жағдай жасау.

Мектепке дейінгі мекемедегі балалардың қалайтыны қозғалу, қозғалыс – әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолмен тасты ұстау – балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстарының бірі болатына сенім артамын. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлау қабілеттерін және бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсаққол моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Жасжарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады. Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

Бестемше ойыны зияткерлік ойынға жатады.

Ал зияткерлік ойын дегеніміз – адамның ойлау қабілетін, ой-өрісін дамытатын спорт түрі. Бестемше ойынның тағылымдық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары көп. Ата-бабамыздан аманат етіп қалдырылған бұл ойынды келесі ұрпаққа тапсырудың маңызы біздер үшін өте зор. Ұлттық ойындарды оқу іс-әрекеті және тәрбие үрдісінде пайдаланамыз. Ойынды оқу іс-әрекетінде қолдану балалардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құрал ретінде қолданыланамыз[2].

Бұл ойын ұмытылған ойындардың бірі. Бестемше ойынын дамытуға себеп болған тағы бір жайт, балалардың бойындағы сабырлылықты, төзімділікті, ойшылдық, есептегіштік пен үнемшілдік қасиеттерін қалыптастыру екені анық. Бұл қасиеттер дамыған елдер қатарына қосылам деген әр азаматтың бойынан табылу керек.

Міндеті: Бестемше ойынының барлық ережелерін, қыр-сырларын зерттеп, ізденіс жұмыс жасап, жүріс ерекшелерін білу.

Бестемше ойынын үйрету. Бестемше – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын рухани ойын, логикалық ойлау өнері. Бұл өнердің басты қасиеті – баланың санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады.

Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады. Жас бүлдіршіндердің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

Бала бестемше ойынын 4-5 жаста балабақша кезеңінен бастап ойнай алады. Бестемше ойынын балаларға ойнату тиімді, өйткені бұл барынша жеңіл әрі ережесі қарапайым, балаларға есептің 4 амалын меңгерумен бірге ойлау қабілетін қалыптастырады. Ойын «Бестем тақтасы» аталатын арнаулы тақтада ойналады. Ойында домалақ немесе екі жағы дөңес табақша тәріздес тастар пайдаланылады. Бұл тақта тең екі бөлікке бөлінген он тік және екі көлденең ұяшықтардан тұрады. Екі ойыншыға тиесілі тақта тарабының әр жағында 5 отау және бір-бірден қазан болады. Қазанға әр ойыншы ұтып алған тастарын салады. Әр ойыншының қазаны өз бөлігінде орналасады. Отаулардың рет сандары 1 ден 5 ке дейін белгіленіп, солдан оңға қарай орналасқан. Ойын басында әр отауға 5 тас салынады,

яғни ойын басталар кезде әр ойыншының 5 отауында барлығы 25 тас болып, ойынға жалпы 50 тас қатысады.

Ойын ережесі:

Бестемше ойыны арнайы тақтада екі бала арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 10 отау, 50 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, бес отауға бес-бестен салынған жиырма бес құмалақ тиесілі.

Ойын екі ойыншының арасында өтеді. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны – бастаушы, қарымта жүріс жасаған ойыншыны – қостаушы деп атайды.

Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүрісті кімнің жасайтыны жеребемен немесе қарсыластардың келісімімен анықталады.

Ойынның маңыздылығы: Ұлттық ойын балаларды зеріктікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көз қарасын құрметтеуге үйрету. Бестемше ойыны – ұлттық зияткерлік спортымыздың бір түрі. Ойын – бала үшін нағыз өмір. Егер ұстаз ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Сондықтан келешек өсіріп отырған тұлғаларымызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады. Бұл ойын жас ерекшеліктеріне қарай санауға үйренеді, 50 құмалақты шашып қайта жинап, ойынға деген қызығушылықтарын оятады.

Бестем ойыншылары болып 4 жастағы балдырғандар болғандықтан, жұтылып кетпестей ойын тасы мейлінше ірі болғаны маңызды. Алайда, бұл ойынның тақтасы әлі күнге жасалып, айналымға түскен жоқ. Ойынның барынша қарапайым әрі тоғызқұмалаққа қарағанда тақтасы да мейлінше шағын, отау саны екі еседей аз болғандықтан, бұл ойынды тарату мен дамытудың мүмкіндігі де, маңызы да зор. Бестемше әсіресе, балабақшалар мен бастауыш сыныптарға кеңінен таратып ойнату арқылы баланың арифметикалық қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.

Ойынның ерекшелігі: Түркі халықтарына ортақ тоғызқұмалақ, бестемше ойыны бір – біріне ұқсас. Ұмытылған қазақтың ойындары жылдан жылға кеңінен таралуда. Екі ойынның ережелерінде аздаған ерекшеліктер болса да, ойынның мазмұны, мақсаты бір-біріне өте жақын. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен бар тастарды қолға алып, біреуін орнына қалдырып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы тас қарсыластың тақ санды тасы бар отауына түсіп, ондағы тастар жұп қылса (2,4,6,8,10), сол отаудағы тастар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады. Егер соңғы тас қарсыластың жұп санды тасы бар отауына түсіп, тақ қылса тас ұтып алынбайды. Отаудағы жалғыз тас көрші отауға жүргенде орын бос қалады.

Жүріс жасаған кезде отауларға тас салмай кетуге болмайды. Ойын аяқталуға жақындаған сайын әр ойыншының отауларындағы тас таусыла бастайды. Тастарды ұтып алған сайын тастар мөлшері кеми береді. Сондықтан ойын соңында қарсыластардың бірінің отауларында жүріс жасай алмайтын жағдай да кездеседі. Ойыншылардың бірінің отауларындағы тасты бірінші таусып алып, жүріссіз қалуы - атсырау деп аталады. [3]. Атсырауға ұшыраған ойыншының қарсыласы бұл жағдайда қосымша бір жүріс жасап, барлық тастарды өз қазанына салып алады.

1. Ойынның нәтижесі – ойыншы өз қазанына кемінде 25 құмалақ жинап жеңіске жету.

2. Ұтысқа ие болған ойыншыға – 1 ұпай, ұтылған ойыншыға – 0 ұпай беріледі. Егер ойын тең аяқталса екі ойыншы да 0,5 ұпайдан алады.

3. Ойын аяқталған болып есептелінеді, егер:

- ойыншы ұтылғанын мойындаса;

- ойыншы берілген мерзім ішінде тиісті жүрістерді жасап үлгермесе және қазанындағы тастардың саны 25-ден кем болса;

- ойыншы ойынды жалғастырудан себепсіз бас тартса;
- екі ойыншының бірі өз қазанына 25 тас жинап үлгерсе.

Көздеген нәтижеге қол жеткізу үшін келесідей жұмыс түрлерін тұрақты түрде пайдаландым:

- ұядағы тастарды бір бірден қолмен салуға балалармен бірлескен қызметі;
- балалармен жекелей жұмыстар;
- тастарды жинап, қолмен шашуды қалыптастыру.

Ұсақ қол моторикасын дамыту және қозғалысын үйлестіру мақсатында түрлі әдіс – тәсілдер қолдандым:

- саусақтық ойын тренингісі;
- қол мойнына массаж;
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері;
- саусақ ойынды тақпақтар мен жаңылтпаштар;
- саусақтық жаттығулар;
- пазл, мозаика қолдану.

Саусақ жаттығулары қарапайым күрделіге қарай ойысады. Ол екіге бөлінеді:

- 1) отырып ойнайтын саусақ ойындары. (саусақ ұштарымен қимылдатамыз);
- 2) қолдың нәзік бұлшық еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып орындалады.

Пассивті жаттығу – ұсақ моториканы дамытудың алғашқы сатысы. Жаттығулардың мақсатты пайдаланылуы мынадай әдістерді ұсынады: тасты уысқа салып уқалау, жаймен тасты қолмен айналдырып және дірілдету. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшу ұсынылады. Оның деңгейі баланың ұсақ моторикасының даму деңгейіне қарай таңдалады. Қол саусақтарына арналған пассивті жаттығулар жасау кезінде балаға қолайсыз жағдай туғызбауын және тітіркендірмеуін қадағалаған жөн[4].

Жұмысымның нәтижесі ретінде түрлі жұмыстар атқару барысында балалар қызығушылығының артқанын байқадым. Бала тасты ұстай біледі. Домалап бара жатқан тастарды байқап қалуы. 1-50 ге дейін санай алады. Ойын қимылдары әрдайым қызықты да, тартымды болуы шарт, баланы мезі қылмауы керек.

Сонымен қорыта айтқанда, балабақша балаларының ақыл-ойын дамытуда түрлі ойын, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, осы бағыттағы атқарылатын игі іс-шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Козлов Л.И., Құланова Қ.Қ., Яковлева Н.И. Қимыл-қозғалыс ойындары. Астана, 2011, - 57б.
2. Құланова Қ.Қ., Маршыбаева Ұ.С., Алимбетова К.Қ. Мектеп жасына дейінгі дене шынықтыру. Оқу құралы. Көкшетау, 2015, -168б.
3. Бүркітбаев А.Б. Ұлттық ойындарды пайдалану жолдары жөніндегі методикалық нұсқау. Ақтөбе, 1980.
4. Құланова Қ.Қ., Маршыбаева Ұ.С., Ахметова А.К. Мектептегі ұлттық спорт түрлерінің териясы мен әдістемесі. Оқу құралы. - Алматы: Эвро, 2020. -171б.